

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай Тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне алюминий электр-лизерлерді футерлеу үшін табандық массаға қатысты өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 17 қыркүйектегі № 161 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан қосалқы позиция алып тасталсын;

б) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына қосалқы позициялар енгізілсін;

в) № 3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескерту мынадай мазмұндағы 61С ескертумен толықтырылсын:

"61С) Кедендік құнның 0 (нөл) %-ы мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 17 қыркүйектегі № 161 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 31.10.2020 жылға дейін қолданылады."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2019 жылғы 17 қыркүйектегі  
№ 161 шешіміне  
№ 1 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯ**

| СЭҚ ТН коды   | Позицияның атауы | Қосым. өлш. бірл. |
|---------------|------------------|-------------------|
| 3801 90 000 0 | – өзгелер        | –                 |

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының  
2019 жылғы 17 қыркүйектегі  
№ 161 шешіміне  
№ 2 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына қосылатын КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯЛАР**

| СЭҚ ТН коды   | Позицияның атауы  | Қосым. өлш. бірл. |
|---------------|---|-------------------|
| 3801 90 000   | – өзгелер:  |                   |
| 3801 90 000 1 | – – хинолинде ерімейтін заттардың салмақ үлесі 76 %-дан кем болмайтын сусымалы майлы материал түріндегі алюминий электр-лизерлерді футерлеу үшін табандық масса | –                 |
| 3801 90 000 9 | – – өзгелер   | –                 |

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының  
2019 жылғы 17 қыркүйектегі  
№ 161 шешіміне  
№ 3 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ**

| СЭҚ ТН коды   | Позицияның атауы  | Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құннан пайыздармен не еуромен, не АҚШ долларымен) |
|---------------|---|---|
| 3801 90 000 1 | – – хинолинде ерімейтін заттардың салмақ үлесі 76 %-дан кем болмайтын сусымалы майлы материал түріндегі алюминий электр-лизерлерді футерлеу үшін табандық масса | 5 <sup>61C)</sup>   |
| 3801 90 000 9 | – – өзгелер   | 5   |